

Ж.М. Кенжеғали

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана
(E-mail: zharas_k@mail.ru)*

Аймақтағы су-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Орталық Азия мемлекеттерінің тактикасы

Мақалада Орталық Азия Республикалары арасында су бөлінісі сұрақтарының тактикалық шешімдер қабылдау мәселелері қарастырылған. Осы жағдайларда мәселені шешуде даулы тұстар бар. Механизмдердің келісілмегендігі және мемлекеттер арасындағы жер-су қатынастарындағы территориялық қақтығыстар, көрсетілген саладағы шешімдердің қабылдануындағы олқылықтарды ушықтыра түсуде. Осыған орай автор қақтығыссыз шешу деңгейіндегі келісімді қамтамасыз етуде мәмілелесу үшін мемлекеттер арасында тактикалық шешімдерді тұжырымдау талпыныстарын, сондай-ақ Орталық Азия мемлекеттерінде аймақтық су-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде тактикалық шешімдердің нұсқаларын ұсынды.

Кілт сөздер: Орталық Азия, қауіпсіздік, бірлескен шешімдер, тактика, су-энергетикалық ресурстар.

2016 жылдың 22–24 қыркүйек аралығында Алматыда БҰҰ жариялаған «Су — өмір үшін» онжылдығының қорытындысына арналған «Орталық Азияның су ресурстары және оларды пайдалану» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Аталған конференция кейінгі жылдары өте күрделі қажеттілікке тап болып отырған су-энергетикалық ресурстар, оларды пайдалану, басқару, су ресурстарына басқару әдістерін жасау, су-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Орталық Азия мемлекеттерінің тактикасына арналған бірқатар мәселелерді көтерді. Аталмыш конференцияға БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы (ЕЭК), ЮНЕСКО және басқа да халықаралық ұйымдар мен Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Белоруссия, Сербия, Италия, Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Швейцария, Нидерланды, Франция, Қазақстан мамандарының қатысуы қазіргі күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі су-энергетика саласы екенін айқындады. Аталған шаралар мемлекеттердің осы саладағы бірлескен диалогының басталғандығының айқын көрінісі болды.

Қазіргі уақытта Орталық Азия мемлекеттері үшін геоландшафттық құрылымда бірқатар жетілдірілмеген жоспарлар бар. «Өзіне Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Қазақстанның оңтүстік бөлігін қосып отырған Орталық Азия, шөлейтті және жартылай шөлейтті, ландшафттардың басымдығымен белгіленетін ойпаттар жиынтығын (Тұран ойпаты) және 7,5 км биіктіктегі мұздықтарымен белгілі Тянь-Шань мен Памир-Алтай тау жоталарының жүйесін құрайды. Аймақ ішкі ағыс бөлігі, әсіресе ірі көлдер — Арал теңізі мен Балқаш көлі. Аймақтың ерекшеліктерінің бірі құрғақ климат және жауын-шашынның аз түсуі болып табылады. Бұл өз алдына суды өте бағалы ресурс ретінде көрсетеді және Орталық Азия мемлекеттерінде су ресурстарын тиімді пайдалану — маңызы аймақтық мәселелік құрылымдардың бірі болып отыр [1; 30]. Аталған құрылымның тактикасы «Нұқсан келтірме!», әсіресе Орталық Азия мемлекеттері үшін аталған тезис қосарланған үш леп белгісімен айқындалуы қажет.

Орталық Азияның су-энергетикалық ресурстары азайып келеді, осы мәселе өз алдына қақтығысты жағдайлардың туындауының себебі болып отыр. Негізгі себептердің бірі — құрғақшылық, мұздық суларының еруі, соның салдарынан аймақтағы өзен суларының ағысының мұздық бастауларының тежелуі салдары. Климаттың жаһандық жылынуы салдарынан мұздық суларының азаюы аймақтық деңгейде, тіпті халықаралық деңгейде су-энергетикалық қауіпсіздікті сақтау тактикасын жасаудың қажеттіліктерін белгілеп отыр. Аймақтағы су ресурстарының деңгейінің тартылуы суды тұтынудың өсуі байқалуда. Әсіресе электр энергиясының негізгі бөлігі ГЭС-ғы суды шығындау салдарынан жүргізілді. Мемлекеттер аймақтағы қалыптасқан барлық су ресурстарын тұтынуда. Сонымен қатар трансшекаралық ағыс көлемі де азаю үстінде, оның себебі Орталық Азияда ағатын трансшекаралық өзендердің едәуір бөлігі ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданынан бастау алады. Бұл аймақтағы су ресурстарының деңгейінің тартылуы қарқынды түрде жүруде. «Қазақстанда толықтырылып тұратын су ресурстарымен қамтамасыздану орташа әлемдік деңгейден жоғары, өзге мемлекеттерде ол айтарлықтай төмен. Жарты жүз жылдық ішінде Қырғызстанда судың

көлемі 2,6 есеге, Түркіменстанда — 3,3 есеге, Өзбекстанда — 3,5 есеге және Тәжікстанда 4 есеге азайған» [2; 7].

Егемендік алғаннан кейін Орталық Азия мемлекеттері трансшекаралық суларға өз еріктерінше иелік ете бастады. Осы уақыттарда мемлекет басшылары су ресурстарын тиімді пайдалану тактикаларын оңтайлы түрде шешуге тырысты. Әрине, сол кездегі кеңестік су жүйесін пайдалану үлгісі әлі де болса сақталып отырды. Орталық Азия республикаларының бірінші тұлғалары су ресурстарын бірлесе пайдалану бойынша және қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі тактикалық шешімдердің қабылдануында оңтайлы істер атқарды.

1991 жылы 24 маусымдағы Қырғызстан Республикасының Президенті А.Ақаевтың Қазақ ССР Президенті Н.Ә. Назарбаевқа жолдаған хатында: «Полностью разделяю Вашу обеспокоенность состоянием земельно-водных и других вопросов, сложившихся за многие годы между Республикой Кыргызстан и Казахской ССР.

Прежде всего хотелось бы затронуть вопросы совместного использования водных ресурсов.

В настоящее время вододеление стока рек Чу, Талас между двумя нашими республиками осуществляется на основании действующих положений, в бассейнах реки Асса — согласно плану совместного водопользования, разработанному Кировским управлением оросительных систем Таласской области Республики Кыргызстан и совхозом № 10 Туркестанского военного округа Джамбулской области Казахской ССР. При этом следует отметить, что по всем трем бассейнам рек водные ресурсы, причитающиеся нашей республике, полностью используются в воде только на нужды народного хозяйства. Причем в маловодные годы потребность в воде удовлетворяется на 60–70 процентов» [3; 2], делінді.

1991 жылы қараша айында өткен Ташкент, 1992 жылы ақпан айында орын алған Алматы кездесулерінде су-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Орталық Азия мемлекеттерінің тактикасының қалыптасуына талпыныс болған еді. Әрине, мұндай бастамалар орталық-азиялық аймақтың ортақ шешімдерді бірлесе шеше алатындығына қабілетті екендігін аңғартты.

Бұл мәселелер бүгінгі күні екі-және көпжақты келісімдердің нәтижесінде шешілу керек екенін талап етеді. Бірақ осы мәселе бойынша тәуелсіз мемлекеттердің ұстанымдары мен мақсат-мүдделері сай келмейді және олар тек Орталық Азия мемлекеттерінен басқа шекаралас шетелдік мемлекеттердің (Қытай, Ресей) қатысуымен де шешілу керек. Ол үшін әлемдік тәжірибеге сүйеніп, халықаралық шарттар мен келіссөздерге көңіл аударған жөн. Осыған байланысты Қазақстан мен Орталық Азия аймағындағы су-энергетика мәселелеріне байланысты мемлекетаралық деңгейдегі атқарылған шараларға тоқталатын болсақ, олардың бастамасы 1995 жылғы 14 сәуірде Шымкент қаласында Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан Республикалары Президенттерінің кездесуі барысында алғаш рет айтылды. 1996 жылы Орталық Азия Республикаларының Премьер-Министрлері аймақтың жылу-энергия және су ресурстарын пайдалану, газ құбырларын салу сияқты мәселелерді Мемлекетаралық Кеңесте қарады. Осы мәселеге байланысты шешім қабылданды. Ал осы жылдың 6 мамырында Бішкек қаласында Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан Республикаларының басшылары трансшекаралық су-энергетика ресурстарын пайдалану туралы мәселені қарастырды [4; 470, 471].

Соңғы жылдары өткізілген бірқатар кездесулер мен дөңгелек үстелдер барысында Орталық Азия мемлекеттері ортақ мақсаттар қойып, ынтымақтастық механизмдерін жетілдіру жолымен аймақта серіктестік құруды ұсынды. Нәтижесінде секторлар арасындағы интеграцияны нығайтып, қоғамның қатысуын белсендіре түсу үшін, сонымен қатар экономикалық қызмет пен тұрақты қаржыландыруды тиімді түрде жүзеге асыру үшін Орталық Азияда құрылған аймақтық құрылымдарды қайта құру қажеттілігі баса көрсетілді. Қызмет етіп отырған құрылымдарды нығайту және неғұрлым тиімді үйлестіру механизмдерін қалыптастыру аймақтағы маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Бұл орайда 2005 жылы БҰҰ БА аясында өткізілген Мыңжылдық Мақсаттары қабылдануының 5 жылдығына арналған мемлекет басшыларының саммитінде Тәжікстан Президентінің сансыз декларациялардан ынтымақтастықтың нақты механизмдерін құруға және инвестицияларды тартуға көшуді және осы мәселе жөнінде келісім дайындауды ұсынғанын атап өту қажет.

XX ғ. 90-жылдарынан бастап Өзбекстан ауыл шаруашылығында бір ғана мақта шаруашылығы көтере білді және ол сол кезеңдерде дүние жүзінде мақта өндіруде төртінші, экспортқа шығаруда екінші орынды иемденді. Қазіргі уақытта Өзбекстанда, ауылшарашылық секторы өнеркәсіпке қарағанда, сол сияқты басқа Орталық Азия Республикаларымен салыстырғанда жақсы қарқынмен дамуда. Соңғы жылдары Өзбек үкіметі ауылшаруашылығы өнімдерінен күтпеген өнімдер алды. Оған

сол кезеңдегі Президент И.Каримов әкімшілігінің экономикалық қайта құрылымдарды жүргізуде басымдылық танытуы, суармалы жерлерді отбасы шаруашылығына тегін беру саясатымен байланыстыруға болады. Сондай-ақ қазіргі кезде Өзбекстан егіншілік жерлерінің артуы, соның нәтижесінде суармалы алқаптардың өсуі байқалады. Өз алдына, Өзбекстанның суармалы алқаптарға суды Қырғызстан территорияларынан келетін су қорынан пайдаланылатындықтан, су ресурстары үшін сұраныс артуда. Бұл тағы да мемлекеттер арасындағы территориялық трансшекаралық даудың туындауының себебі болып отыр.

2016 жылдың 18 наурызында Өзбекстан мен Қырғызстан шекарасында даулы жағдай орын алды. Өзбекстан Республикасының шекара қызметкерлері мемлекеттік шекараның белгіленбеген аймағына екі бронетранспортер мен солдаттарын қойған болатын. Осыған байланысты Өзбекстан Республикасының сыртқы істер министрлігі арнайы хабарлама жасамаған болатын. Осы орайда Қырғызстан Республикасы және қырғыз халқы тарапынан сұрақтар туындады. Қырғызстанның әскери күштері мен техникаларын шекараға шоғырландыру орын алды [5; 2].

Мәселенің шиеленісті тұсы бойынша, «Клоп» интернет-ресурсының мәліметі бойынша, «20 наурыз күні ұзаққа созылған келіссөздер нәтижесінде екі тарап өздерінің әскерлері мен қаруларын Кербен-Ала Бұға жолында азайту туралы келісті. Шекарадағы даудың туындауының басты себебі келесі жағдайлармен түсіндіріледі:

- Өзбекстан тарапы Қырғызстаннан өздерінің мамандарын Орто-Тоқой (Қасансай) су қоймасының территориясына өткізуді сұрады;
- Қырғызстан мұндай жұмыстарды қырғыз билігі жүргізу қажет деген түсініктеме беріп, территорияға енгізуге рұқсат бермеді;
- Қырғызстан тарапының рұқсатын алмағаннан кейін Өзбекстан билігі шекара бекетіне екі БТР мен әскерилер бар екі камаз атокөліктерін орналастырды;
- Қырғызстан осы жағдайда жедел қимылдап, шекараға екі БТР мен әскерилерін шоғырландырды.

Қырғызстанның Сыртқы істер министрлігі жағдайды түсіндіру мақсатында Өзбекстан билігіне наразылық нотасын жіберді. Өзбекстан мемлекеті әскерилердің Наурыз мейрамының тойлануына байланысты шекарадағы тұрақтылықты сақтау үшін жіберілді деген жауап қайтарған болатын» [6].

Өзбекстан мен Қырғызстан арасындағы мәселе тағы да бір трансшекаралық жағдайға байланысты орын алғандығын, яғни, Өзбекстан тарабы Қырғызстаннан өз жерлерін суармалы жүйемен қамтамасыз етіп тұру үшін Орто-Тоқой су қоймасын уақытша пайдалануға алған болатын. Ал кейіннен Өзбекстан бұл су қойманың КСРО кезеңінде Өзбекстанға тиесілі болғандығы және оның құрылысына Өзбекстан тарапы қаражат жұмсалғандығын алға тартты. Бірақ КСРО ыдырағаннан кейін бұл шекаралық бөлініс бойынша Қырғызстанның территориясы болып есептелінеді, фактілі түрде өзбектер оның пайдаланушысы ретінде қалып отырған болатын. Сондай-ақ Өзбекстан Тәжікстандағы Рогун ГЭС-ның салынуына қарсылық танып отыр. Оның басты себебі — Рогунның құрылысы жүзеге асқан жағдайда аймақтағы ең ірі гидроэлектр станциясының құрылысы болмақ. Тәжікстан үшін Өзбекстаннан энергетикалық тәуелділіктен арылып, өзінің энергия көздерін көрші Пәкістан және Ауғанстан елдеріне сатуға мүмкіндік бермек. Алайда Тәжікстанның бұл жобаны жуық арада жүзеге асырылуына көптеген ішкі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар кедергі жасайды. Осындай жағдайлар мемлекеттер арасында аймақтағы су-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Орталық Азия мемлекеттерінің тактикасының олқы тұстарын, яғни шиеленісті жақтарын және мемлекеттер тарапынан бірлескен тактиканың болмауына байланысты ұлттық деңгейде ғана емес, территориялық тұрғыдан да Орталық Азияның қауіпсіздігіне ықпал ететіндігін аңғартты.

Мәселені реттеу тактикасы қазіргі уақытта толықтай жетілдірілмеген. Әртүрлі сипаттағы даулар, трансшекаралық өзендер территорияларында орын алып тұрады. Су-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде аймақ елдерінен бөлек кешенде Қытай және Ресей мемлекеттерінің орнын айқындау керек, себебі су артериялары осы аймақ елдерімен де тығыз байланысып жатыр. Осы негізде Орталық Азия мемлекеттері құрлықтық кеңістікте геосаяси мүмкіндіктеріне қарай орасан мүдделердің тоғысқан жерінде орнықты. Сондықтан Орталық Азиядағы су-энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану бойынша бәсекелестіктің және оның аймақтық қауіпсіздік үшін, ондағы бүгінгі айқын көрінісін байқатып отырған әлемдегі жетекші мемлекеттер мен халықаралық құрылымдардың сыртқы саяси ұстанымдары мен мүдделері тоғысқандығын ескеру қажет.

Әрине, су-ресурстарының қазіргі тактикасы мемлекеттердің бірлескен шешімдері, олардың аймақтың су-энергетикалық ресурстарын бірлесе басқаруға деген ынтасы негізінде қалыптаспақ. Орталық Азиядағы су ресурстарының тиімді тактикасын құруға қатысты үкіметаралық мемлекеттік комиссияның берген есебінде: «Суға деген сұраныстың өсу проблемасы аймақ елдерінің әлі де болса ортақтаса отырып іс-әрекет жасауында шектеулердің болуына орай жүргізіледі. Еске сала кетуіміз керек, су және энергетикалық ресурстармен алмасу кеңестік кезеңде еркін және жоспарлы түрде жүзеге асырылып отырды және тек бұл жерде республикалардың әкімшілік шекаралары ғана айқындалып тұрды. Ал Мәскеу болса белгілі көлемде қаражат бөліп, инфрақұрылымды дамытып отырды. Бес орталық-азиялық республикалар ішіндегі ұлтшылдық пен бәсекелестің өсуі, кеңестік су-энергетика саласын басқару жүйесіне қарсы жаңа аймақтық тактиканың ойлап табылмағандығын көрсетеді. Шын мәнінде, соңғы жылдары орын алып отырған осы саладағы Орталық Азия мемлекеттерінің қысым көзі қазіргі кездегі белең алып отырған терроршылдық пен экстремизмнің алдын алу тактикаларынан ғана қалып отыр. Жыл сайын даулар екі топтағы мемлекеттер арасында туындайды: өзендердің төменгі сағасындағы Қазақстан, Түркіменстан және Өзбекстан және жоғарғы жақтағы Қырғызстан мен Тәжікстан арасында» деп айқындап кетеді [7]. Әрине, бұл оймен толық келісуге болады, біріншіден, бұрынғы кеңестік жоспарлы саясат негізінде су-энергетикалық мәселелерді реттеп отырған мемлекеттер үшін егемендік алғаннан кейінгі осы саланың оңтайлы дамуына, оның жүйелі тактикасын құруға деген қызығушылықтарының болмауы бұл бірінші себеп болмақ. Екінші, осы күнге дейін толық айқындалмаған шекара саласындағы даулар тактикалық әдістердің қолданылуына кедергі жасауда (Тәжікстан-Қырғызстан, Қырғызстан-Өзбекстан, Қазақстан-Өзбекстан арасындағы), әсіресе өзбек-тәжік қатынастарының жағдайы қазіргі уақытта Орталық Азиядағы шиеленісіп, әрі қарай өршуге дайын тұрған мәселелердің бірі болып отыр. Осы мәселеге қатысты тактикалық шешімдер әлі де болса қабылданбай отыр. Үшінші, бұл аймақ елдерінің кейбір өңірлеріндегі қиын әлеуметтік-экономикалық жағдай, осы салалардағы дұрыс реформалардың жүргізілмеуінде.

Орталық Азияда 4000-нан аса су қоймалары – теңіздер мен су сақтағыштары орналасқан. Олардың ішінде ірісі құрғап тартылып бара жатқан Арал теңізі, әлемнің терең көлдерінің бірі Ыстық көл, батыс бөлігі тұщы және шығыс бөлігі ащы Балқаш көлі. Сонымен бірге 3000-нан астам мұздықтардан бастау алатын ұсақ көлдер, ондаған маусымдық реттеліп тұратын су сақтағыштар, мыңдаған бассейндер мен тоғандар бар. Орталық Азия мемлекеттерінің Сырдария және өзге де су объектілерін қарқынды түрде пайдалануы, су ресурстарының ластануы мен тартылуы аймақтық деңгейде оны тиімді пайдалану тактикасын қажет етеді.

Сырдария солтүстік сағасында Қазақстан бойынша ағып Өзбекстан шекарасынан өтіп, осы территорияға қайта бұрылысында Тәжікстанның территориясын кесіп өтеді. Оңтүстік Қазақстан территориясын кесіп өткеннен соң Арал теңізіне солтүстік жағынан барып құяды. Амудария өзені болса, тәжік-ауған және өзбек-ауған шекарасын белгілейді, одан әрі Түркіменстан территориясымен аға отырып, түркмен-өзбек шекарасының бойымен Өзбекстанға бұрылмас бұрын оңтүстігінде Арал теңізіне барып құяды [7].

Осы өзендердің төменгі ағысындағы табиғи режимі реттелген ағыс есебінен толықтай бұзылған. Қазіргі жағдайлардағы су ресурстарымен қамтамасыз ету төрт негізгі факторлармен айқындалады: тұрғындардың санының артуы, қоршаған ортаның ластануы, климаттың өзгеруі және гидротехникалық, әсіресе гидроэнергетикалық құрылыстарды пайдалану мәселесі бойынша мемлекеттердің келіспеушілігі [8; 149].

Сөз жоқ, орталық-азиялық мемлекеттердің экономикалары тек қана аграрлық секторда ғана емес, сонымен қатар гидроэнергетика саласында да тығыз байланыста. Осы салада жоғарғы ағыс пен төменгі ағыста орналасқан мемлекеттер арасында ортақ тактиканың болмауы салдарынан жоғарыда көрсетілген салаларда бірлескен қызметтер жасауда кедергілер бар. Қысымды осы уақытқа дейін ұстап және қақтығысты жағдайға жеткізбей тұруға мүмкіндіктер бар, дегенмен ортақ тактика құруда барлық тараптар өз қызығушылықтарын бірінші орынға қоюға тырысады, ал көршілерге үлкен зардабын тигізетін су-энергетикалық саладағы серіктестік мәселесі екінші орынға жылжып отырады.

Су-энергетикалық қауіпсіздік саласындағы тактикалық шешімдер шығару келешегін келесі негізде құруға болады. Халықаралық су құқығының нормалары мен ережелерін негізге ала отырып, қызығушылықтардың ортақ доктринасын мақсатты түрде және әдістемелік тұрғыдан жүзеге асыру қажет. Оны басқару біртұтас бөлік ретінде жүргізілуі керек. Осы доктринаға сәйкес бассейн бойындағы әрбір мемлекет басқа мемлекеттердің көршілерінің ынтымақтастығы мен келісімінсіз

ресурсқа ықпал еткен жағдайда оның іс-әрекеттеріне қарсы қимылдар жасай алады. Бүгінгі күні су-энергетикалық реттеу тәртібі әрбір мемлекеттің қызығушылықтарын ескере отырып жасалғаны абзал, әсіресе төменгі ағыс мемлекеттерінің суға деген сұранысы мен жоғарғы ағыс мемлекеттерінің энергетикалық ресурстарға деген сұраныстарын ескере отырып жасалуы тиіс. Су-энергетикалық үрдістерді тиімді түрде көлденеңінен және тігінен реттеу мақсатында ұлтүстілік жоғарғы құрылым құру керек.

Жұмыстың құрылымдық бөлігі дипломатиялық жолдар арқылы саяси іс-шараларды жүзеге асыру негізінде жасалады.

Дербес — Қазақстан жинақталған халықаралық беделі негізінде ирригациялық басымдықтары бар мемлекеттердің (ортаңғы және төменгі ағыстардағы) ортақ позициясын айқындауда Өзбекстанға белгілі ықпал жасайды.

Екі жақты негізде — орталық-азиялық мемлекеттердің біреуі алдын ала келісілген ирригациялық басымдықтары бар мемлекеттер ұстанымдарын негізге ала отырып, энергетикалық басымдықтары бар мемлекеттермен тең негізде бірлескен кеңестер өткізуге бастама жасайды.

Көпжақты негізде — Қазақстан немесе Орталық Азия мемлекеттерінің бірі ЕҚЫҰ, ШЫҰ, АӨСШК және басқа да халықаралық ұйымдар шеңберінде су-энергетикалық шиеленістерді шешудегі қызығушылықтар негізінде төрағалық ету бастамасын жүзеге асырады, осы мақсатта бірлескен жобаларды іске асыру үшін нақты, әрі келісілген негізде даму институттары мен ұйымдарға шығады.

Аталған іс-шаралар су-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында келесі тактикаларды құруды қажет етеді деп болжаймыз:

1. Орталық Азияның Халықаралық су-энергетикалық Консорциумын құру бойынша жұмыстарды жандандыру. Оның ішінде Орталық Азияда Халықаралық су-энергетика Консорциумын құру бағытындағы қабылданған шешімдер, құжаттар және аймақтағы су-энергетика ресурстарын пайдалану туралы қабылданған келісімдерді іске асыру жөніндегі шаралар туралы үкіметтің Қаулысын орындау маңызды шара болып табылады. Бұл өз алдына су-энергетикалық ынтымақтастықты интеграция шеңберінде дамытуға бағыттайды.

2. Орталық Азияның мемлекеттердің су тораптарының жүйелі түрде жұмыс жасауы үшін мемлекеттердің гидроэнергетикалық инфрақұрылымына инвестиция құю мен қосымша қаражат бөлу арқылы қолайлы жағдайлар жасаған дұрыс, себебі көптеген су-энергетикалық құрылғылар ескірген және артық көлемде су шығындарына әкеліп отыр.

3. Мемлекетаралық үйлестіруші су шаруашылық комиссиясының аймақтық органдарын нығайту, олардың құзыреттіліктері мен міндеттемелерін кеңейту қажет.

4. Су-энергетикалық ресурстарды бірлесе пайдалану мен аймақтық инвестициялық жобаның кешенді бағдарламасын жасау және жүзеге асыру керек. Су ресурстарын бірлесіп пайдалануға байланысты даулы мәселелерді реттеу мен шешу, өзара кеңес беру, тиісті ақпараттармен алмасу бастамалары арқылы ғана мүмкін.

5. Аймақтың су-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тактикасын құру жұмыстарына ұлттық даму институттарының өкілдерін тарту қажет.

6. Аймақ елдерінің құрылымдары мен осы саланы зерттеп жүрген институттарының бұл мәселені шешуге деген көзқарастарының әрқилылығын ескере отырып, мемлекеттер арасындағы су-энергетикалық қауіпсіздік мәселелердегі тактикалық үлгілерді ескере отырып, нақтылы келісімдер негізінде жүргізілуі керек.

Әдебиеттер тізімі

1. *Пикулина М.Л.* Проблемы трансграничных водных ресурсов в Центральной Азии // Казахстан Спектр. — 2013. — № 1 (63). — С. 30–42.
2. *Нысанбаев Е.Н., Медеу А.Р., Турсынова А.А.* Водные ресурсы Центральной Азии: вызовы и угрозы, проблемы использования // Водные ресурсы Центральной Азии и их использование: материалы междунар. науч.-практ. конф., посвящ. подведению итогов объявленного ООН десятилетия «Вода для жизни». — Кн. 1. — Алматы, 2016. — 488 с.
3. Письмо Президента Республики Кыргызстан А. Акаева «О состоянии земледельческих отношений между Республикой Кыргызстан и Казахской ССР» от 24 июня 1991 г. Копии. — Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. — 7-к. — 1-т. — 1375-іс. — 2-п.
4. Заявление Глав государств Республики Казахстан, Кыргызской Республики и Республики Узбекистан об использовании водно-энергетических ресурсов: сб. док. по международному праву. — Т. 1. — Алматы, 1998. — 548 с.
5. На границе не спокойно... // Обьектив. — 2016. — № 7–8 (188). — С. 2–4.

6 Что известно о напряженной ситуации на границе с Узбекистаном? — [ЭР]. Режим доступа: <http://kloop.kg/blog/2016/03/21/chto-izvestno-o-napryazhennoj-situatsii-na-granitse-s-uzbek-istanom/> (дата обращения 30.06.2016)

7 Центральная Азия: вода и конфликт. Отчет № 34 МГПК – Азия Ош/Брюссель. — 30 мая 2002 г. — [ЭР]. Режим доступа: old.crisisgroup.org (дата обращения 30.06.2016)

8 Борисова Е.А. Водные и энергетические ресурсы «Большой» Центральной Азии: дефицит воды и ресурсы по его преодолению. — М.: ЛЕНАНД, 2015. — 236 с.

Ж.М. Кенжеғали

Тактика стран Центральной Азии в обеспечении региональной водно-энергетической безопасности

В статье рассмотрены вопросы тактического решения проблем водodelения между республиками Центральной Азии, подчеркнуты спорные моменты. Выделено, что несогласованность механизмов и межгосударственные территориальные конфликты в земельно-водных отношениях обостряют проблемность принятия решения в данной сфере. Предложена попытка формулировки тактических решений между странами для обеспечения согласований на уровне достижения неконфликтности. Представлены варианты тактических решений в обеспечении региональной водно-энергетической безопасности в странах Центральной Азии.

Zh.M. Kenzhegali

The tactics of the Central Asian countries in regional water and energy security

This article deals with the tactical allocation decisions among the Central Asian republics. In these circumstances, there are controversial points resolve the issue. Lack of coordination mechanisms and inter-territorial conflicts in land and water relations exacerbate the problematic decision-making in this area. In this regard the author proposes an attempt wording tactical decisions between countries to ensure coordination at the level of achievement of non-contentious. The variants of tactical decisions in regional water and energy security in Central Asia.

References

- 1 Pikulina M.L. *Kazakhstan Spectr*, 1 (63), 2013, p. 30–42.
- 2 Nysanbaev E.N., Medeu A.R., Tursynova A.A. *Water resources of Central Asia and their use: materials of the intern. sc.-pract. conference, devoted to summarizing the outcome of the United Nations declared the decade «Water for Life»*, 1, Almaty, 2016, 488 p.
- 3 A letter from the President of the Republic of Kyrgyzstan A. Akaev «Status land and water relations between the Kyrgyz Republic and the Kazakh SSR» dated June, 24, 1991, Copy, Archive of the President of Kazakhstan, 7-f., 1-d., 1375, p. 2.
- 4 Statement by the Heads of State of the Republic of Kazakhstan, the Kyrgyz Republic and the Republic of Uzbekistan on the use of water and energy resources: coll. of documents under international law, I, Almaty, 1998, 548 p.
- 5 *Lens*, March, 24–30, 2016, 7, 8 (188), p. 2–4.
- 6 *What is known about the situation of stress on the border with Uzbekistan?* [ЭР]. Access mode: <http://kloop.kg/blog/2016/03/21/chto-izvestno-o-napryazhennoj-situatsii-na-granitse-s-uzbek-istanom/> (reference date of 30.06.2016)
- 7 *Brussels*, 2002, May, 30, [ЭР]. Access mode: old.crisisgroup.org (reference date of 30.06.2016).
- 8 Borisova E.A. *Water and energy resources «Big» Central Asia: water scarcity and resources to overcome it*, Moscow: LENAND, 2015, 236 p.